

РЕСЕЙ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Челябі мемлекеттік университеті»  
Жоғары білім беретін федералдық  
мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі  
(«ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

Қостанай филиалы

**БҰЙРЫҚ**

28 тамыз 2024 ж.

№ 118/04-07

Жұмыс уақытының тәртібі туралы

Филиалдың білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігін, сапасын және нәтижелілігін арттыру, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы қызметкерлерінің жұмыс тәртібін реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Ұжымдық келісімшартқа, Ішкі тәртіп ережелеріне және еңбек шарттарына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН**

1.2024 жылдың 02 қыркүйегінен бастап филиалдың әкімшілік-басқарушы қызметкерлері, қосымша білім қызметкерлері және қызмет көрсетуші жұмыскерлері үшін жұмыс уақытының ұзақтығы 40 сағаттық, сенбі, жексенбі күндері екі демалыс күнімен бес күндік жұмыс аптасы белгіленсін:

Дүйсенбі - жұма 8.30 – 17.00

Түскі үзіліс 11.50 -12.20

2.Ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін (бір ставкаға жұмыс істеген жағдайда) - жұмыс уақытының ұзақтығы 36 сағаттық бес күндік жұмыс аптасы белгіленсін, соның шегінде оқытушылар атқаратын қызметімен, оқу тапсырмасымен, оқу процесінің кестесімен, сабақ кестесімен және жеке жоспармен шартты болып келетін білім беру, әдістемелік, ғылыми-ізденушілік, тәрбиелік және басқа да жұмыстардың барлық түрлерін жүзеге асырады. Бір ставкадан жоғары жұмыс істеген жағдайда ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты белгіленген ставкаға сәйкес көбейеді. Оқытушылар үшін 36 сағаттық апта шегінде сейсенбі күні филиалда міндетті түрде болу күні деп белгіленген. Ол күні жұмыс күнінің басталу уақыты – 9.00, жұмыс күнінің аяқталуы – 15.40. Дем алуға және тамақтануға арналған үзіліс жылжымалы кесте бойынша 30 минутты құрайды.

3.Кітапхана қызметкерлері үшін - жұмыс уақытының ұзақтығы 40 сағаттық, сенбі, жексенбі күндері екі демалыс күнімен бес күндік жұмыс аптасы белгіленсін:

Дүйсенбі – жұма 8.30 – 17.00

Түскі үзілістің ұзақтығы жылжымалы кесте бойынша 30 минут.

Филиал директоры



Н.А. Налізко